

**«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
КеАҚ
Металлургия және өнеркәсіптік инженерия институты
Технологиялық машина, көлік және логистика кафедрасы**

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«Көлік қызметтері»

«8D11301 –Көлік қызметтері» білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD)

1-ші басылым
2018 жылғы жоғары білімнің МЖМБС сәйкес

Алматы 2021




Әзірлеген:	Қаралды: Институттың ОК отырысында	Бекітілді: ҚазҰТУ ОӘК	1 бет 35 беттің
------------	---------------------------------------	-----------------------	-----------------

Программа составлена и подписана сторонами:



Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚҰЗТУ атынан:

1. Кафедра меңгерушісі  К.К. Елемесов
2. Институт директоры  К.К. Елемесов
3. Кафедраның ОӘТ төрайымы  Г.С. Муханова

Жұмыс берушілерден:

1. "Фрахтовая Компания "ТрансАл" ЖШС директоры  В.В. Королев
2. ШЖҚ РМК «Ақпараттық және есептеуіш технологиялар институты» директор орынбасары  О.Ж. Мамырбаев
3. «Қазақстандық логистикалық кластер» мекемесінің директоры  К.С. Чакиева

Әріптес ЖОО атынан:

1. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ң "Бизнес технология" кафедрасының меңгерушісі, э.ғ. к., қауымдас. профессор  Ахметова З.Б.
2. ҚНУ инжиниринг және ақпараттық технологиялар факультетінің деканы  Кегенбеков Ж.К.

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің Академиялық кеңесінің отырысында бекітілді. 25.06.2021 ж. №3 Хаттама

Квалификация:

Ұлттық біліктілік шеңберінің 8-деңгейі:
8D113- Көлік қызметтері (докторантура):
8D11301 – Көлік қызметтері

Кәсіби құзыреті: ұлттық және халықаралық деңгейлерде ірі институционалдық құрылымдарды дамыту және жетілдіру стратегиясын қалыптастыруды, оны іске асыру шарттарын ұйымдастыруды, нәтижеге қол жеткізу үшін жауапкершілікті қамтитын инновациялық және ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет

Өзірлеген:	Қаралды: Институттың ОК отырысында	Бекітілді: ҚазҰТУ ОӘК	1 бет35беттің
------------	------------------------------------	-----------------------	---------------

Бағдарламаның қысқаша сипаттамасы:

1. Мақсаттары

Білім беру бағдарламасының мақсаты – Инновациялық шешімдер қабылдау, көлік ағыны мен процестерді басқару саласындағы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін талдау және болжау үшін әдістемелік білімі мен кәсіби құзыреттілігі бар жоғары білікті ғылыми-педагогикалық және басқарушылық кадрларды даярлау.

2. Кәсіби қызмет түрлері

Көлік қызметі оқу бағдарламасы түлегінің еңбек қызметі халықаралық, мемлекеттік, ғылыми-зерттеу, ғылыми-педагогикалық, жобалау-конструкторлық және жобалау-технологиялық мекемелерде, сондай-ақ көлік қызметтері саласында инновациялық, ұйымдастыру-басқару және ғылыми-педагогикалық қызметті жүзеге асыра алатын өнеркәсіп компанияларында, ұлттық экономиканың көлік саласының өңірлік көлік кластерлік ұйымдарында жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Кәсіби қызмет объектілері:

Түлектің кәсіби қызметінің объектілері мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелер, жоғары және орта кәсіптік білім беру ұйымдары, ғылыми-зерттеу және жобалау институттары, көлік қызметтерін, тасымалдау технологияларын ұйымдастыру, сондай-ақ көлік жүйелерін, оның ішінде көлік инфрақұрылымын, ауыл шаруашылығы, құрылыс, көлік, әскери-көлік және көлік-технологиялық мақсаттағы көлік-технологиялық кешендерін жобалау және жетілдіру саласында жұмыс істейтін компаниялар мен ұйымдар болып табылады.

ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

1. Бағдарламаның көлемі мен мазмұны

Докторантурада оқу мерзімі игерілген академиялық кредиттердің көлемімен айқындалады. Академиялық кредиттердің белгіленген көлемін игеру және PhD дәрежесін алу үшін күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізу арқылы докторантураның білім беру бағдарламасы толық меңгерілген болып есептеледі. Ғылыми-педагогикалық докторантурада докторанттың оқу және ғылыми қызметінің барлық түрлерін қоса алғанда, бүкіл оқу кезеңінде кемінде 180 академиялық кредит игеріледі

Білім беру мазмұнын, оқу процесін ұйымдастыру және жүзеге асырудың әдісін жоспарлауды жоғары оқу орны мен ғылыми ұйым кредиттік оқыту технологиясы негізінде дербес жүзеге асырады.

Ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша докторантура тереңдетілген

Өзірлеген:	Қаралды: Институттың ОК отырысында	Бекітілді: ҚазҰТУ ОӘК	3 бет35беттің
------------	------------------------------------	-----------------------	---------------

ғылыми-педагогикалық және зерттеушілік даярлығы бар жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдар үшін ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу бағдарламаларын іске асырады.

Докторантураның оқу бағдарламасының мазмұны:

- 1) базалық және бейінді пәндер циклдерін оқытуды қамтитын теориялық оқыту;
- 2) докторанттарды практикалық даярлау: практиканың, ғылыми немесе кәсіби тәжірибелердің әр түрлі түрлері;
- 3) докторлық диссертацияны орындауды қамтитын ғылыми-зерттеу жұмысы;
- 4) қорытынды аттестаттау;
- 5) диссертациялық кеңесте диссертацияны қорғау.

Білім беру бағдарламасының мазмұны

Білім беру бағдарламасының мазмұны теориялық оқытуды (базалық пәндер циклін, бейіндеуші пәндер циклін оқу), педагогикалық және зерттеу практикасынан өтуді, ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауды, сондай-ақ докторлық диссертация жазуды және қорғауды көздейді. Бейіндік пәндер білім беру бағдарламалары аясында тасымалдауды ұйымдастыру, көлік қозғалысы және көлік жүйелерін пайдалану саласындағы кәсіби қызмет үшін мамандық бойынша кадрларды мақсатты даярлауды жүргізуге мүмкіндік береді.

Оқу бағдарламасының міндеттері:

- әлемдік деңгейде бәсекеге қабілеттілігінің жоғары дәрежесіне ие ұлттық экономиканы қалыптастыру үшін отандық еңбек нарығын жоғары білікті ғылыми кадрлармен қамтамасыз ету;
- дүниетанымдық деңгейде терең трансформация жағдайында жүйелі және сыни ойлауға қабілетті жаңа буын ғалымдарын қалыптастыру;
- жалпы қоғам игілігі үшін ғылыми ойдың үздіксіз дамуын қамтамасыз ететін ортаның дамуы;
- отандық және әлемдік ғылымның, практиканың соңғы жетістіктерін ескере отырып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру, білім беру қызметін жүргізуді ұйымдастыру;
- әлемдік білім беру және ғылыми кеңістікте ашық және өзара тиімді ынтымақтастық мақсатында жақын және алыс шетелдердің жетекші университеттерімен тұрақты серіктестік қатынастарды қалыптастыру.

2 Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар

Талапкерлердің алдыңғы білім деңгейі-жоғары оқу орнынан кейінгі білім

Әзірлеген:	Қаралды: Институттың ОК отырысында	Бекітілді: ҚазҰТУ ОӘК	4 бет35беттің
------------	------------------------------------	-----------------------	---------------

(магистрдің академиялық дәрежесін алуға әкелетін және кемінде 1 (бір) жыл жұмыс өтілі бар немесе тиісті мамандық бойынша резидентурада оқуын аяқтаған бағдарламалар және/немесе практикалық тәжірибе). Үміткердің белгіленген үлгідегі дипломы болуы және ағылшын тілін білу деңгейін белгіленген үлгідегі сертификатпен немесе дипломдармен растауы тиіс.

Докторантураға азаматтарды қабылдау тәртібі " жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережелеріне "сәйкес белгіленеді.

Докторанттар контингентін қалыптастыру ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысына конкурс арқылы, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

Докторанттың "түсу кезінде" докторантураның тиісті кәсіптік оқу бағдарламасын меңгеру үшін қажетті барлық пререквизиттері болуы тиіс. Қажетті пререквизиттер тізбесін жоғары оқу орны дербес анықтайды.

Қажетті пререквизиттер болмаған жағдайда докторантураға оларды ақылы негізде меңгеруге рұқсат етіледі.

3 Оқуды аяқтау және диплом алу үшін қойылатын талаптар

Докторлық бағдарламаны игерген және докторлық диссертациясын қорғаған тұлғаға, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің арнайы мәртебесі бар жоғары оқу орнындағы диссертациялық кеңестің оң шешімімен және сараптау жүргізу нәтижесі бойынша «Көлік қызметтері» бағытында философия докторы PhD дәрежесі немесе профиль бойынша доктор дәрежесі тағайындалады және мемлекеттік үлгідегі дипломмен қосымша (транскрипт) беріледі.

PhD докторлық дәрежесін алған тұлғалар ғылыми білімін тереңдету, мамандандырылған тақырыптар бойынша ғылыми және қолданбалы мәселелерді шешу үшін, жоғары оқу орны таңдаған жетекші ғалымның жетекшілігімен постдокторлық бағдарламаны немесе ғылыми зерттеулерді жүргізеді.

8D11301-«Көлік қызметі» оқыту бағыты бойынша оқу нәтижелері:

- 1) Әдістеме және негізгі теориялық қағидалар, ғылыми зерттеулер жүргізудің практикалық әдістері және ғылыми мәліметтер мен ақпараттарды іздеу, талдау және өңдеу дағдыларын білу;
- 2) Көліктік жүйелердің, желілердің, процестер мен ағындардың жұмысын жүйелік талдау және болжау әдістерін қолдана отырып, көлік ғылымының теориялық және қолданбалы зерттеу мәселелерін шешу;
- 3) Көлік-логистикалық жүйелер мен желілердің, көлік ағындары мен логистикалық орталықтардың жұмысының тұжырымдамалық және имитациялық модельдерін құра білу, құрылған модельдер бойынша

Әзірлеген:	Қаралды: Институттың ОК отырысында	Бекітілді: ҚазҰТУ ОӘК	5 бет35беттің
------------	------------------------------------	-----------------------	---------------

- эксперименттік зерттеулер жүргізу, эксперименттердің нәтижелерін талдау және модельдің оңтайлы көрсеткіштерін анықтау;
- 4) Жүк жеткізу желілері, қойма жүйелері мен көлік-технологиялық маршруттарды жобалау әдістемесі мен әдістерін білу;
 - 5) Көліктік жүйелер мен желілердің қызметін жобалау, жетілдіру және қайта құру, инженерлік-техникалық және заманауи зерттеу тәсілдеріне негізделген көлік кәсіпорындарын дамытудың жобалары мен бағдарламаларын әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізу;
 - 6) Заманауи ақпараттық технологияларды қолдана отырып, көлік кәсіпорындарын, желілері мен ағындарын басқару бойынша теориялық және эксперименттік зерттеулерді жоспарлау және жүргізу;
 - 7) Патенттік іздеу жүргізу, зерттелетін тақырып бойынша ғылыми-техникалық ақпаратты, отандық және шетелдік тәжірибені зерделеу және талдау;
 - 8) Ғылыми зерттеулерде қолдану мақсатында көлік логистикасы мен көлік кешендерін басқару саласындағы заманауи инновациялық және цифрлық технологиялармен жұмыс істеу дағдыларына ие болу;
 - 9) Зерттеу жұмысын орындау барысында әр түрлі деңгейде академиялық және ғылыми мәтіндер жазу дағдыларын көрсету.

Докторантура бағдарламасын меңгерген түлек докторантура бағдарламасы бағытталған кәсіби қызмет түрлеріне сәйкес келетін кәсіби құзыреттерге ие болуы тиіс:

ғылыми-зерттеу қызметі:

- докторантура бағдарламасын игеру барысында алынған ғылымдардың іргелі бөлімдерін және мамандандырылған білімдерді біріктіру арқылы теориялық немесе қолданбалы сипаттағы міндеттерді немесе мәселелерді жауапты және мақсатты шешу қабілеті;

- көлік саласында өз бетінше эксперименттік зерттеулер жүргізу, өзінің ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін, сондай-ақ зерттеу саласындағы жетекші мамандар мен ғалымдарды талдау және сыни бағалау қабілеті;

- отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктері негізінде көлік саласының зерттелетін объектілерінің модельдерін құру және зерттеу қабілеті;

ғылыми-өндірістік қызмет:

- практикалық міндеттерді шешу кезінде өндірістік және ғылыми-өндірістік зертханалық және интерпретациялық жұмыстарды өз бетінше жүргізу қабілеті;

- көлік процестері мен технологиялар саласындағы заманауи зертханалық жабдықтар мен аспаптарды кәсіби пайдалану қабілеті;

-жобалық қызмет:

-көліктік-логистикалық желілерді, тасымалдау маршруттарын, логистикалық

Әзірлеген:	Қаралды: Институттың ОК отырысында	Бекітілді: ҚазҰТУ ОӘК	6 бет35беттің
------------	------------------------------------	-----------------------	---------------

инфрақұрылым объектілерін жобалауға қабілеті;

-көлік саласындағы міндеттерді шешу кезінде стратегиялық ғылыми-зерттеу және ғылыми-өндірістік жұмыстарды жобалау қабілеті;

- ұйымдастырушылық-басқару қызметі:

- көлік саласының стратегиялық және жүйелі міндеттерін шешу кезінде әртүрлі күрделілік дәрежесіндегі ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру және басқару қабілеті;

-ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлау және ұйымдастыру кезінде нормативтік құжаттар негізінде стратегиялық ғылыми әріптестермен өзара тиімді ынтымақтастықты жүзеге асыру;

-ғылыми-педагогикалық қызметі:

- оқыту қызметінің мақсаттарын айқындау және оларға сәйкес көлік қызметтері мамандығын оқыту процесін жоспарлау қабілеті;

- көлік қызметтері бағыты бойынша бакалавриатта заманауи технологиялар мен оқыту құралдарын пайдалану дайындығы және қабілеті;

- педагогикалық шеберлік пен педагогикалық шығармашылықтың шарты ретінде кәсіби-зерттеу мәдениетін дамыту.

Докторантура бағдарламасын әзірлеу кезінде барлық жалпы мәдени және жалпы кәсіптік құзыреттер, сондай-ақ докторантура бағдарламасы бағдарланған кәсіптік қызмет түрлеріне жатқызылған кәсіптік құзыреттер докторантура бағдарламасын игерудің талап етілетін нәтижелерінің жиынтығына енгізіледі.

Әзірлеген:	Қаралды: Институттың ОК отырысында	Бекітілді: ҚазҰТУ ОӘК	7 бет35беттің
------------	------------------------------------	-----------------------	---------------

4 Білім беру бағдарламасының оқу жоспары

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
"Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ" АҚ



2021-2022 оқу жылында қабылдағандар үшін білім бағдарламасының
ОҚУ ЖОСПАРЫ
8D11301 - "Көлік қызметтері" білім беру бағдарламасы
D147 - "Көлік қызметтері" білім беру бағдарламасының тобы

Оқу түрі: күндізгі Оқу мерзімі: 3 жыл Академиялық деңгейі: философия - докторы (PhD)

Оқу жылы	Код	Пәннің атауы	Циел	Жалпы көлемі, кредиттер	Барлық сағат	аудиториялық көлемі, дәрістер/лр	ДӨЖ (оның ішінде ДООЖ), сағатпен	Пререквизитте р	Код	Пәннің атауы	Циел	Жалпы көлемі, кредиттер	Барлық сағат	аудиториялық көлемі, дәрістер/лр	ДӨЖ (оның ішінде ДООЖ), сағатпен	Пререквизитте р	
																	1 семестр
1	MEF322	Ғылыми зерттеу әдістері	БП УК	5	150	2/0/1	105		AAP345	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, оның ішінде тағылымдама және докторлық диссертацияны орындау	ДҒЗЖ	24					
	LNG305	Академиялық хат	БП УК	5	150	2/0/1	105		AAP350	Педагогикалық практика	БП	10					
	TRA301	Көліктік-логистикалық қызметтің цифрлық технологиялары	БП ТК	5	150	2/1/0	105										
	TRA303	Көліктік-логистикалық жүйелерді имитациялық модельдеу															
	TRA300	Көлік жүйелерін жүйелік талдау	БП ТК	5	150	2/0/1	105										
	TRA302	Көліктік логистикадағы реинжиниринг	БП ТК	5	150	2/0/1	105										
	TRA304	Көліктік-логистикалық жүйелер мен процестерді жобалау әдістемесі															
Барлығы:				25					Барлығы:				34				
2	3 семестр								4 семестр								
	AAP345	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, оның ішінде тағылымдама және докторлық диссертацияны орындау	ДҒЗЖ	24					AAP346	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, оның ішінде тағылымдама және докторлық диссертацияны орындау	ДҒЗЖ	25					
	AAP355	Зерттеу практикасы	КП	10													
Барлығы:				34					Барлығы:				25				
3	5 семестр								6 семестр								
	AAP346	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, оның ішінде тағылымдама және докторлық диссертацияны орындау	ДҒЗЖ	25					AAP346	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, оның ішінде тағылымдама және докторлық диссертацияны орындау	ДҒЗЖ	25					
									ECA303	Докторлық диссертацияны жазу және қорғау	ҚА	12					
Барлығы:				25					Барлығы:				37				

Оқудың бүкіл кезеңіне арналған кредиттер саны	
Пәндер циклі	Кредиттер
Жалпы білім беретін пәндер циклі	0
Базалық пәндер циклі (БП УК, БП ТК)	25
Мамандану пәндер циклі (ПП УК, ПП ТК)	20
Теориялық оқыту бойынша барлығы:	45
ДҒЗЖ	123
Докторлық диссертацияны жазу және қорғау	12
Барлығы:	180

Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ Академиялық Кеңесінің шешімі
МжӨИ Ғылыми Кеңесінің шешімі

25.06 2021ж. № 3 хаттама
27.06 2021ж. № 12 хаттама

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор
МжӨИ институт директоры
ТМҚЖЛ кафедрасының меңгерушісі
Жұмыс берушілерден мамандық кеңесінің өкілі

Б.А.Жаутиков
К.Б.Рысбеков
К.К.Елемесов
М.К.Азимбеков

5 Білімі, іскерлігі, дағдысы және құзыреттерінің деңгейі мен көлемінің дескрипторлары

Оқыту нәтижелері докторантураның барлық білім беру бағдарламалары деңгейінде де, жеке модульдер немесе оқу пәндері деңгейінде де тұжырымдалады.

Еуропалық жоғары білім аймағының (ҚР-ЕЖБА) біліктілік шеңберінде білім алушылардың оқу нәтижелерін көрсеттін, қабілеттерін сипаттайтын үшінші деңгейдегі дескрипторлар:

1) зерттеу саласын жүйелі түсінуді, осы салада қолданылатын зерттеу дағдылары мен әдістерін меңгеруді көрсету;

2) маңызды ғылыми процестерді ғылыми тұрғыдан ойлау, жобалау, енгізу және бейімдеу мүмкіндігін көрсету;

3) ұлттық немесе халықаралық деңгейде жариялауға лайықты ғылыми сала шекараларын кеңейту үшін өз түпнұсқа зерттеулерімен үлес қосу;

4) жаңа және кешенді идеяларды сыни талдау, бағалау және синтездеу;

5) өздерінің білімдері мен жетістіктерін әріптестерге, ғылыми қауымдастыққа және жұртшылыққа жеткізу;

6) білімге негізделген қоғамның технологиялық, әлеуметтік немесе мәдени дамуына академиялық және кәсіби тұрғыда ықпал ету.

6 Оқу аяқталуы бойынша құзыреттіліктер

Ғылыми-педагогикалық докторантура түлектерінің негізгі құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар

1) *түсінігі болуы тиіс:*

- қоғамдық дүниетанымды қалыптастырудағы ғылым мен білімнің рөлі туралы;

- жоғары мектептің кәсіби қызметіндегі этикалық нормалар туралы;

- жаһандық қоғамның әлеуметтік құрылымдарының институционалдық қатынастарын қалыптастыру мен дамытудың қазіргі заманғы шарттары туралы;

- ғылыми танымның дамуындағы өзекті тенденциялар туралы;

- жаратылыстану ғылымдарының өзекті әдіснамалық және философиялық мәселелері туралы;

2) *білу:*

- ғылыми таным әдістемесі мен әдіснамасы;

- әлеуметтік-экономикалық және жаратылыстану-ғылыми пәндер бағдарламаларын құрудың әдіснамалық және әдістемелік қағидаттары;

- білім берудің заманауи парадигмасы жағдайында ЖОО-да оқытушының педагогикалық қызметін реттейтін негізгі құжаттар;

- оқытудың тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында білім алушыларға әсер

Әзірлеген:	Қаралды: Институттың ОК отырысында	Бекітілді: ҚазҰТУ ОӘК	9 бет35беттің
------------	------------------------------------	-----------------------	---------------

етудің психологиялық тәсілдері мен әдістері;

3) *қабілетті болуы керек:*

- заманауи ұлттық білім беру стратегиясына сәйкес әлемдік және ұлттық білім беру кеңістігінің қазіргі заманғы үрдістерінің парадигмасында ғылыми қызметті жүзеге асыру;
- қазіргі заманғы білім беру стратегиясына сәйкес оқыту мен тәрбиелеу процесін динамикалық жүйе ретінде ұйымдастыру;
- заманауи ғылыми жетістіктерді сыни тұрғыдан талдау және бағалау, зерттеу және практикалық, оның ішінде пәнаралық салалардың міндеттерін шешу кезінде жаңа идеяларды генерациялау;
- көлік қызметтері мен көлік ағындары саласындағы білімді пайдалана отырып, тұтас жүйелі ғылыми дүниетаным негізінде кешенді, оның ішінде пәнаралық зерттеулерді жобалау және жүзеге асыру;
- ғылыми және ғылыми-білім беру міндеттерін шешу бойынша қазақстандық және халықаралық зерттеу ұжымдарының жұмысында ғылыми жобаларды іске асыру;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, кәсіби қызметтің стандартты міндеттерін шешу;
- стратегиялық және креативті ойлау, сондай-ақ стандартты емес мәселелер мен жағдайларды шешуге шығармашылық тұрғыдан қарау;
- диссертация, ғылыми мақала, есеп, аналитикалық жазба және т. б. түріндегі ғылыми-зерттеу және талдау жұмыстарының нәтижелерін жүйелеу және қорытындылау;

4) *дағдылары болуы тиіс:*

- оқытудың интерактивті әдістерін қолдану үшін кәсіби педагогикалық және ғылыми қызметке шығармашылық көзқарас;
- оқытудың кредиттік технологиясы бойынша білім беру және педагогикалық қызметті жүзеге асыру;
- өзінің кәсіби және жеке даму міндеттерін жоспарлау және шешу;
- көлік ағындары мен процестері саласындағы жобаларды дербес әзірлеу және іске асыру, сондай-ақ кәсіби салада өздігінен білім алуға және өзін-өзі жетілдіруге дайындық;
- қоғамдық институттармен және адамдармен өзара әрекеттесу саласында, сондай-ақ кәсіби қарым-қатынас пен мінез-құлық әдістерін меңгеру;
- шешендік өнер, өз идеяларын ауызша және жазбаша түрде дәйекті және қисынды ресімдеу;

5) *компетентті болу:*

- фундаменталды және қолданбалы ғылыми зерттеулер әдіснамасы саласында;
- жоғары мектептің білім беру мекемелеріндегі басқару, ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызмет саласында;
- жаһандық көлік жүйесін дамытуда, трансұлттық корпорациялар мен қаржы-

Әзірлеген:	Қаралды: Институттың ОК отырысында	Бекітілді: ҚазҰТУ ОӘК	10 бет35беттің
------------	------------------------------------	-----------------------	----------------

өнеркәсіп топтарының жаһандық көлік дәліздерін және жеткізу тізбектерін құру мәселелерінде;

- көлік саласындағы инвестициялық-инновациялық жобаларды әзірлеу мен ұйымдастыруда;
- кәсіби міндеттерді зерттеу үшін ақпараттық, компьютерлік және желілік технологияларды пайдалана отырып, көліктік логистика саласындағы ғылыми ойдың қазіргі жай-күйі мен даму перспективаларын бағалауда.

Базалық білімдер, қабілеттіліктер мен құзыреттер

Б1-алынған білімді зерттеу жұмысын дайындау және жазбаша түрде жазу кезінде қолдану;

Б2-шет тілінде тиісті білім саласының түпнұсқа әдебиетін еркін оқу;

Б3-докторантурада білім алуды жалғастыру және күнделікті кәсіби қызмет үшін қажетті жаңа білім алу дағдыларын меңгеру;

Б4-жүргізілген зерттеу нәтижелерін талдау, синтездеу, жүйелеу және жіктеу үшін талдамалық материалдарды дайындау қабілеті;

Кәсіби құзыреттер

К1- көлік ұйымы қызметінің процестік декомпозициясын ғылыми негіздеу;

К2-көлік логистикасының міндеттерін жіктеу және бизнес-процестердің құрамы мен мазмұнын таңдауды ғылыми негіздеу;

К3-көліктік-логистикалық желілерді, тасымалдау маршруттарын, логистикалық инфрақұрылым объектілерін жобалау;

К4-зерттелетін объект қызметінің бизнес-процестерін реинжинирингтің әртүрлі нұсқаларын негізді қолдану, оларды қолдану нәтижелері бойынша талдамалық материалдар дайындау;

К5-құндылықтар жасаудың жаһандық тізбегінің жұмыс істеуінің тез өзгеретін жағдайларында көлік процестеріне жүйелі түрде талдау жүргізу;

К6-көлік жүйелерінің тұрақтылығы мен сенімділігін анықтау;

К7-әр түрлі қажеттілік жағдайларында сапар ағынын болжау;

К8-имитациялық эксперименттер жүргізу, статистикалық талдау және имитациялық эксперимент нәтижелерін түсіндіру.

Жалпы адами, әлеуметтік-этикалық құзыреттер

Ж1-құндылықтар тізбегін басқарудағы эмоционалды құзіреттілікті білу, сонымен қатар қазіргі компаниялардың бизнес-процестеріндегі эмоционалды факторды ескере отырып, жоғары деңгейдегі маманның кәсіби қызметіне қажетті эмоционалды сауатты мінез-құлықты қалыптастыру;

Ж2- елдің Конституциясымен кепілдік берілген жалпыадами құндылықтардың, адам құқықтары мен бостандықтарының жақтаушысы болу;

Әзірлеген:	Қаралды: Институттың ОК отырысында	Бекітілді: ҚазҰТУ ОӘК	11 бет35беттің
------------	------------------------------------	-----------------------	----------------

- Ж3-Қазақстанның құқықтық жүйесі мен заңнамасының негіздерін білу;
Ж4-қоғамдық даму институттарының қалыптасу заңдылықтарын, жаһандық экономиканың даму тенденцияларын білу, әртүрлі әлеуметтік жағдайларда дұрыс бағдарлай білу;
Ж5-жоғары жауапкершілік дәрежесі бар және қоғамдағы барлық әлеуметтік процестердің өзара байланысы мен өзара тәуелділігін түсінетін азамат болу;
Ж6-өндірістік персоналды және халықты авариялардың, апаттардың, дүлей зілзалалардың ықтимал салдарларынан қорғаудың негізгі әдістерін меңгеру;

Арнайы және басқарушылық құзыреттер

- А1- менеджмент принциптері мен әдістерін басшылыққа ала отырып, іскерлік қарым-қатынас нормалары мен этикасына сүйене отырып, басқарушылық міндеттерді шешу үшін іскерлік қарым-қатынас пен командалық өзара іс-қимылды ұйымдастыруды қамтамасыз ету;
А2-кәсіби міндеттердің ұйымдастырушылық-басқарушылық шешімдерін табу және олар үшін жауапкершілік алуға, өз қызметінде нормативтік құқықтық құжаттарды пайдалануға дайын болу қабілеті;
А3-реинжиниринг құралдарын пайдалана отырып, динамикалық процестерді басқару, көлік қызметтерін тұтынушылардың әртүрлі санаттары үшін ұтымды бизнес-модельдерді, құндылықтар тізбегін жобалау;
А4-маркетингтік зерттеулер және менеджменттегі үздік тәжірибелерді салыстырмалы талдау нәтижесінде алынған ақпаратты зерттеу қызметінде пайдалану, жаңа нарықтық мүмкіндіктерді табу және бағалау және бизнес-идеяны тұжырымдау;
А5- қазіргі заманғы ақпараттық ағындарда бағдарлана білу және әлемдік экономикадағы серпінді өзгертін құбылыстар мен процестерге бейімделе білу;
А6-экономикалық, ұйымдастырушылық-басқарушылық, техникалық-технологиялық, цифрлық және Ұлттық ерекше факторлардан ұлттық көлік жүйесінің институционалдық аспектісін дамыту бойынша жүйелі ұсынымдар әзірлеу;
А7 –материалдық және материалдық емес сипаттағы ағындық процестерді басқару әдіснамасын пайдалана отырып, көлік ағындары мен процестері саласындағы қолданбалы зерттеу нәтижесінде ұсынымдар жасау;
А8-өңірлік және халықаралық деңгейде көліктік–логистикалық кластерлер құру үшін мемлекеттік-жекешелік әріптестік моделін қолданудың теориялық ережелері мен практикалық құралдарын нақтылау және кеңейту;

6.2 Докторанттың ғылыми-педагогикалық докторантурадағы ғылыми-зерттеу жұмысына қойылатын талаптар:

- 1) докторлық диссертация қорғалатын докторантураның білім беру бағдарламасының негізгі проблематикасына сәйкестігі;

Әзірлеген:	Қаралды: Институттың ОК отырысында	Бекітілді: ҚазҰТУ ОӘК	12 бет35беттің
------------	------------------------------------	-----------------------	----------------

- 2) өзекті және ғылыми жаңалық пен практикалық маңыздылықты қамтиды;
- 3) ғылым мен практиканың заманауи теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделеді;
- 4) компьютерлік технологияларды пайдалана отырып, деректерді өңдеу мен түсіндірудің заманауи әдістеріне негізделеді;
- 5) ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерін пайдалана отырып орындалады;;
- 6) негізгі қорғалатын ережелер бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерден тұрады.

6.3 Тәжірибені ұйымдастыруға қойылатын талаптар:

Тәжірибе ғылыми, ғылыми - педагогикалық және кәсіптік қызметтің практикалық дағдыларын дамыту мақсатында жүзеге асырылады.

Докторантура бағдарламасы мыналарды қамтиды:

- 1) педагогикалық практика -ЖОО-да;
- 2) ғылыми практика-ЖОО-да

Педагогикалық практика оқыту мен білім беру әдістемесінің практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында өткізіледі. Педагогикалық тәжірибе кезінде докторанттар қажет болған жағдайда бакалавриат және магистратура бағдарламалары бойынша сабақтар өткізуге шақырылады.

Докторанттың ғылыми тәжірибесі отандық және шетелдік ғылымның заманауи теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктерін оқып білу үшін, сондай-ақ диссертациялық зерттеу барысында практикалық дағдыларды қалыптастыру, эксперименттік деректерді өңдеу және түсіндіруді бекіту мақсатында жүзеге асырылады.

ДҒЗЖ шеңберінде докторанттың жеке жұмыс жоспарында инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен танысу үшін ғылыми ұйымдарда және (немесе) тиісті салалардың немесе қызмет салаларының ұйымдарында, оның ішінде шетелде міндетті түрде ғылыми тағылымдамадан өту көзделеді. Шетелдік тағылымдамадан өту мерзімін ЖОО дербес айқындайды.

7 ECTS стандарттарына сәйкес дипломдық қосымшасы

Қосымша Еуропалық Комиссияның, Еуропа Кеңесінің және ЮНЕСКО / CEPES стандарттарына сәйкес әзірленген. Бұл құжат академиялық тану үшін ғана қолданылады және білім берудің ресми дәлелі болып табылмайды. Жоғары білім туралы диплом жоқ болса, жарамсыз. Еуропалық қосымшаны толтырудың мақсаты - диплом иегері туралы, оның алған біліктілігі, осы біліктілік деңгейі, оқу бағдарламасының мазмұны, нәтижелері, біліктіліктің функционалды мақсаты, сондай-ақ ұлттық білім беру жүйесі туралы ақпарат беру. Баға беру үшін қолданылатын қолданбалы модельде еуропалық аудару

Әзірлеген:	Қаралды: Институттың ОК отырысында	Бекітілді: ҚазҰТУ ОӘК	13 бет35беттің
------------	------------------------------------	-----------------------	----------------

немесе кредитті қайта есептеу жүйесі (ECTS) қолданылады.

Еуропалық диплом қосымшасы шетелдік жоғары оқу орындарында білім алуды жалғастыруға, сондай-ақ шетелдік жұмыс берушілерге ұлттық жоғары білім беруді растауға мүмкіндік береді. Кәсіби тану үшін шетелге шығу кезінде білім туралы дипломды қосымша заңдастыру қажет. Еуропалық диплом қосымшасы жеке сұраныс бойынша ағылшын тілінде толтырылады және тегін беріледі.

Әзірлеген:	Қаралды: Институттың ОК отырысында	Бекітілді: ҚазҰТУ ОӘК	14 бет35беттің
------------	------------------------------------	-----------------------	----------------

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

КОД – МЕТ322

Академиялық кредиттер –5 (2/0/1/2)

КУРСТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Курстың мақсаты: Курстың мақсаты-докторанттардың ғылыми теорияларды қалыптастыру әдіснамасы, іргелі, қолданбалы есептерді, инновациялар мен инновациялық процестерді шешу тәсілдерін меңгеру және қабілеттерін дамыту.

КУРСТЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

Көлік ағындары мен процестері саласындағы ғылыми зерттеулердің нәтижелерін талдау, жүйелеу және жалпылау негізінде докторанттардың өз білімдерін төмендегі жағдайларда қолдана білуін дамыту:

- фундаменталды зерттеулер;
- қолданбалы зерттеулер;
- халықаралық және ұлттық деңгейлерде геостратегиялық инфрақұрылымдық көлік жобаларын әзірлеу;

Курстың міндеттері болып төмендегілер табылады:

- көлік жүйесіндегі әдістемелер мен зерттеу әдістерін зерттеу;
- көлік саласындағы зерттеулерді жүзеге асыру үшін заманауи ақпараттық технологиялар мен жүйелердің мүмкіндіктерін зерттеу;
- докторанттарда зерттеу жүргізудің әдіснамалық негіздерін пайдалану, сондай-ақ кешенді зерттеу жобасын жүргізу үшін қажетті логикалық ойлауды қалыптастыру;
- аналитикалық қабілеттерді дамыту және көлік саласында болып жатқан процестердің жүйелі көрінісін көре білу.

КУРСТЫ АЯҚТАҒАНДА АЛАТЫН БІЛІМ, БІЛІКТІЛІК, ДАҒДЫ

Курсты аяқтағанда докторант

білуі керек:

- әлеуметтік және жаратылыстану ғылымдарының даму заңдылықтары мен үрдістері.
- ғылыми зерттеулер әдіснамасы;
- фундаменталды ғылыми зерттеулер әдіснамасы;

біліктілігі болуы керек:

- дербес ғылыми зерттеу жүргізу барысында теориялық және практикалық білімдерін қолдану;

Әзірлеген:	Қаралды: Институттың ОК отырысында	Бекітілді: ҚазҰТУ ОӘК	15 бет35беттің
------------	------------------------------------	-----------------------	----------------

- таңдалған бағыт бойынша іргелі және ағымдағы ғылыми ақпаратты өңдеу;
- өз бетінше жалпылау және ғылыми қорытынды жасау;

дағдылары болуы керек:

Пәнді игеру процесінде докторанттар игеретін құзыреттер төмендегілерді дамытуға бағытталған:

- ғылыми зерттеулер жүргізу және көлік процестерін басқару үшін сандық және сапалық әдістерді пайдалану қабілеті;
- зерттеудің жаңа әдістерін өз бетінше игеру, өзінің кәсіби қызметінің ғылыми және ғылыми-өндірістік бейінін өзгерту қабілеті;
- ғылыми зерттеудің жалпы ғылыми және мамандандырылған әдістерін және оның мәнін меңгеру дағдылары;
- зерттеу нәтижелерін талдау, синтездеу, жүйелеу және жіктеу үшін аналитикалық материалдарды дайындау мүмкіндігі.

Әзірлеген:	Қаралды: Институттың ОК отырысында	Бекітілді: ҚазҰТУ ОӘК	16 бет35беттің
------------	------------------------------------	-----------------------	----------------

АКАДЕМИЯЛЫҚ ХАТ

КОД – LNG305

Академиялық кредиттер –5 (2/0/1/2)

КУРСТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Ғылыми - зерттеу жұмыстары саласындағы дағдылар мен құзыреттерді дамыту және біліктілік зерттеулерін жазуда біліктерді қалыптастыру. Ғылыми - зерттеу жұмысы саласындағы дағдылар мен құзыреттерді дамыту және жоғары сапалы зерттеулерін жазуда қабілеттіліктерді қалыптастыру.

ПӘННІҢ МІНДЕТТЕРІ

Пәннің міндеттері докторанттарды ғылыми тілдегі жазудың базалық талаптарымен таныстыру болып табылады;

- кәсіби лексика мен терминологияны пайдалана отырып, дәлелденген идеялар мен пікірлерді жазбаша түрде келтіру дағдыларын қалыптастыру;
- ғылыми зерттеу құрылымын дұрыс және логикалық құру тәсілдерін оқыту;
- мақалалар, ғылыми жұмыстар мен аннотацияларды жазуға дайындау;
- ғылыми кәсіби проблема бойынша ойды еркін және дәлелді баяндау бойынша тәсілдерді зерттеу.

КУРСТЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

Курс ғылыми зерттеулер саласындағы және біліктілік жұмыстарын жазудағы білімді өзектендіруге және дамытуға арналған. Курсты оқу академиялық ортада тиімді қарым-қатынас жасау үшін қажетті докторанттарды даярлаудың жоғары деңгейін қамтамасыз ететін жазбаша ғылыми коммуникация саласындағы құзыреттілікті дамытуға және жетілдіруге бағытталған.

КУРСТЫҢ АЯҒЫНДА АЛЫНАТЫН БІЛІМ, БІЛІК ЖӘНЕ ДАҒДЫЛАР

Курсты аяқтағанда докторант

білуі керек:

- жазбаша баяндау, аудару және редакциялау үшін қажетті грамматикалық құбылыстарды;
- ғылыми және іскерлік сөйлеудің күрделі синтаксистік құрылымдарын;
- академиялық мәтінді құрылымдау технологиясын;
- жазбаша мәтіндердің ғылыми стилінің ерекшеліктері; ғылыми мәтіндерді ұйымдастыру принциптерін;
- бейтарап ғылыми стильді, іскерлік жазудың құрылымын білдіретін лексиканы;
- мамандық тілінің негізгі терминдері, ұғымдары және санаттарын;
- гипотезаларды ұсынудың және дәлелдемелерді құрудың әртүрлі тәсілдерін.

біліктілігі болуы керек:

Өзірлеген:	Қаралды: Институттың ОК отырысында	Бекітілді: ҚазҰТУ ОӘК	17 бет35беттің
------------	------------------------------------	-----------------------	----------------

- алынған білімді зерттеу жұмысын дайындау және жазбаша түрде жазу кезінде қолдану;
- тиісті білім саласының түпнұсқа әдебиетін шет тілінде еркін оқуға;
- библиографиямен жұмыс істеу;
- шетел көздерінен алынған ақпаратты аударма, реферат, аннотация түрінде рәсімдеу;
- ғылыми зерттеу мәселесі бойынша әртүрлі ақпарат көздерінің мазмұнын салыстыру, авторлардың пікірін сыни бағалау;
- өз идеяларын дұрыс ұйымдастырып, оларды нақты және сенімді түрде негіздеу және жазбаша түрде сауатты түрде білдіру.

дағдылары болуы керек:

- мамандық тілінде (кәсіби ұғымдық-терминологиялық аппарат) көлемі 4000-4500 бірліктен кем емес. Оның ішінде 3000-3300 бірлік-кең және тар бейін бойынша бейтарап және ғылыми лексика, 1200 бірлік ауызша сөйлеуді дамыту үшін таңдалған мамандыққа байланысты лексика;
- әр түрлі стильдер мен жанрдағы мамандығы бойынша түпнұсқа әдебиеттерді оқудың негізгі әдістері;
- докторанттың ғылыми жұмысымен байланысты жазбаша қарым-қатынас стилі;
- ойлау мәдениеті, ақпаратты жалпылау және талдау қабілеті;
- ғылыми мәтінді талдау дағдылары.

Өзірлеген:	Қаралды: Институттың ОК отырысында	Бекітілді: ҚазҰТУ ОӘК	18 бет35беттің
------------	------------------------------------	-----------------------	----------------

КУРСТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Көліктік-логистикалық жүйелердің, логистикалық процестердің және жеткізу тізбектерін басқарудың жұмыс істеуін зерттеу үшін қазіргі заманғы ақпараттық жүйелер мен технологияларды қолдану дағдыларын игеру.

Курсты оқу міндеттері:

- көлік жүйелеріндегі заманауи электрондық технологиялар саласында теориялық білім алу;
- цифрлық модельдің даму перспективаларын бағалау;
- көліктегі электрондық құжат айналымының технологиясын зерттеу.

КУРСТЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

Көлік жүйелері мен ағындарын басқарудағы ақпараттық жүйелер және инновациялық технологиялар. Халықаралық көлік жүйелерінің бизнес-процестерін цифрлық трансформациялау. Халықаралық көлік жүйелерін ұйымдастырудың жаңа технологиялық тәсілдері. Спутниктік байланыс және навигация, тауар-көлік ағындарын іздеу және мониторинг жүйелері. RFID жүйесі. BigData, Blockchain, Internet Of Things Технологиялары. Көлік процестерінің цифрлық реинжинирингінің негізгі мәселелері. Халықаралық көлік жүйелерінің бірыңғай ақпараттық ортасын қалыптастырудың технологиялық тәсілдері

КУРСТЫҢ АЯҒЫНДА АЛЫНАТЫН БІЛІМ, БІЛІК ЖӘНЕ ДАҒДЫЛАР

Пәнді оқу нәтижесінде докторант:

білуі керек:

- көлік қызметтері түрлерінің цифрлық экономиканың заманауи парадигмасындағы және көліктегі процестерді қарастырудағы орнын;
- көлікте бірыңғай ақпараттық ортаны құру тетіктерін.

біліктілігі болуы керек:

- халықаралық көлік жүйелерінде электрондық өзара іс-қимылды іске асыру қағидаттарын сипаттау;
- көліктегі цифрлық басқару сервистерінің деректерін агрегаттауды қалыптастыру нұсқаларын жобалау;
- цифрлық трансформация процестерін автоматтандыру процестерінен ажырату (ақпараттандыру, цифрландыру);

дағдылары болуы керек:

- көліктегі электрондық сервистердің нақты жобаларының принциптік ерекшеліктерін иллюстрациялау, түсіндіру және бағалау ;

Әзірлеген:	Қаралды: Институттың ОК отырысында	Бекітілді: ҚазҰТУ ОӘК	19 бет35беттің
------------	------------------------------------	-----------------------	----------------

- халықаралық көлік жүйелерінде электрондық өзара іс-қимылды іске асырудың жаңа тәсілдерін іске асыру.

Әзірлеген:	Қаралды: Институттың ОК отырысында	Бекітілді: ҚазҰТУ ОӘК	20 бет35беттің
------------	------------------------------------	-----------------------	----------------

КОД - TRA303

Академиялық кредиттер – 5 (2/0/1/2)

КУРСТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Докторанттардың имитациялық моделдеу теориясы бойынша білім алуы: нұсқаларды генерациялау, эксперименттерді жоспарлау, нұсқаларды салыстыру, нұсқаларды бағалау, нұсқаларды таңдау.

Курсты оқу міндеттері:

- имитациялық моделдеу әдіснамасы саласында теориялық білім алу;
- концептуалды және имитациялық модельдерді құрудың практикалық дағдыларын алу;
- имитациялық модельдермен эксперименттер жүргізудің практикалық дағдыларын алу.

КУРСТЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

Көліктік-логистикалық жүйенің концептуалды және имитациялық модельдерін, көліктік - логистикалық инфрақұрылым объектілерін құру. Имитациялық модельдеу әдістері: дискретті-оқиғалық модельдеу; жүйелік динамика; агенттік модельдеу. Көлік және өндірістік логистика саласындағы имитациялық зерттеулер:

- мәселелерді талдау;
- деректерді жинау;
- концептуалды және имитациялық модельдерді әзірлеу;
- экспериментті жоспарлау, орындау және бағалау;
- нәтижелерді түсіндіру және ұсыну

КУРСТЫҢ АЯҒЫНДА АЛЫНАТЫН БІЛІМ, БІЛІК ЖӘНЕ ДАҒДЫЛАР

Пәнді оқу нәтижесінде докторант:

білуі керек:

- концептуалды және имитациялық модельдерді құру әдіснамасы;
- имитациялық моделдеу әдістері мен технологиялары;

біліктілігі болуы керек:

- зерттеу объектісінің концептуалды моделін құру;
- имитациялық модельдеу әдістерін қолдану;
- Anylogic модельдеу жүйелерін қолдана отырып, имитациялық модельдерін жүзеге асыру;
- модельденген логистикалық процестерге талдау жасау;
- имитациялық эксперимент жүргізу, статистикалық талдау және имитациялық эксперимент нәтижелерін түсіндіру.

Әзірлеген:	Қаралды: Институттың ОК отырысында	Бекітілді: ҚазҰТУ ОӘК	21 бет35беттің
------------	------------------------------------	-----------------------	----------------

дағдылары болуы керек::

- зерттелетін жүйеде логистикалық процестерді құрылымдау және сипаттау;
- логистиканың қолданбалы есептерін шешу және жеткізу тізбегін басқару үшін имитациялық моделдеу әдістері мен құралдарын қолдану;
- имитациялық зерттеу нәтижелері негізінде басқарушылық шешімдер қабылдау.

Әзірлеген:	Қаралды: Институттың ОК отырысында	Бекітілді: ҚазҰТУ ОӘК	22 бет35беттің
------------	---------------------------------------	-----------------------	----------------

КОД – TRA300

Академиялық кредиттер –5 (2/0/1/2)

КУРСТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Көлік жүйелерін жүйелік талдау бойынша теориялық білімді және көлік процестерінің жүйелік міндеттерін шешудің практикалық дағдыларын қалыптастыру.

Курсты оқу міндеттері:

-тұтыну өрісінің әр түрлі сипаттамалары мен тұтынушылармен өзара байланыстың сенімділік дәрежесі бойынша көлік қызметтеріне сұранысты болжау әдістерін зерттеу;

- энтропияның зерттеу нәтижелеріне әсерін зерттеу;

- ұлттық және халықаралық деңгейлерде көлік саласының инфрақұрылымдық жобаларын экономикалық талдау әдістерін зерттеу;

- жүйелік талдаудың теориялық негіздерін, жүйелер теориясын, көлік жүйелерін, макро және мезодеңгейлерде көлік жүйелерін инжинирлеуде басқару шешімдерін қабылдау әдістерін меңгеру.

КУРСТЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

Жүйелердің, оның ішінде көлік жүйелерінің құрылымы мен жұмыс істеу заңдылықтары, жүйелер теориясының әдістері мен модельдері, жүйелерді талдауға ақпараттық көзқарас, көлік жүйесінің сыртқы және ішкі ортасын талдау, сапарларды болжау әдістері мен құралдары, қозғалысты ұйымдастырудың балама жобаларын талдау әдістері.

КУРСТЫҢ АЯҒЫНДА АЛЫНАТЫН БІЛІМ, БІЛІК ЖӘНЕ ДАҒДЫЛАР

Пәнді оқу нәтижесінде докторант:

білуі керек:

- жүйелердің жұмыс істеу және олардың даму заңдылықтарын;

- жүйелер теориясының әдістері мен модельдерін;

- көлік жүйелерін талдау және жол жүруді болжау әдістері мен құралдарын;

біліктілігі болуы керек:

- құндылықтар жасаудың жаһандық тізбегінің жұмыс істеуінің тез өзгеретін жағдайларында көлік процестеріне жүйелі талдау жүргізу;

- көлік жүйелерінің тұрақтылығы мен сенімділігін анықтау;

-әр түрлі қажеттілік жағдайында сапар ағынын болжау;

- көлік жүйелерінің инфрақұрылымдық жобаларының тиімділігін негіздеу;

дағдылары болуы керек:

- көлік жүйелерді ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде, микро, макро, мезо-деңгейлерде жүйелі талдау үшін теориялық білімдермен, практикалық дағдылармен;

- көлік жүйелерінің балама жобаларын бағалау әдістері;

Өзірлеген:	Қаралды: Институттың ОК отырысында	Бекітілді: ҚазҰТУ ОӘК	23 бет35беттің
------------	------------------------------------	-----------------------	----------------

- проблемалық жағдайдың жоғары дәрежелі бастапқы белгісіздігі боған кезде міндеттерді қою құралдары;

Әзірлеген:	Қаралды: Институттың ОК отырысында	Бекітілді: ҚазҰТУ ОӘК	24 бет35беттің
------------	------------------------------------	-----------------------	----------------

ТАСЫМАЛДАУ ЛОГИСТИКАСЫНЫҢ РЕИНЖИНИРИНГІ

КОД – TRA302

Академиялық кредиттер –5 (2/0/1/2)

КУРСТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Курстың мақсаты

- логистикадағы реинжинринге қатысты теориялық білімді қалыптастыру және оны көліктік логистика міндеттеріне қолдану. Логистиканың негізгі және қосалқы ішкі жүйешелеріндегі процестерді реинжинринг тұрғысынан, осы процестерді модельдеудің заманауи әдістері- CASE технологияларды қолдана отырып зерттеу. Үдеріс тәсілін меңгеру. Нысанның логистикалық процесінің ақпараттық моделін әзірлеу. Осы күрделі жұмыстың жеке шешімі логистикалық функциялардың, процедуралар мен операциялардың ақпараттық модельдерін құру болып табылады.

Курсты оқу міндеттері:

- реинжинрингтің теориялық негіздерін, макро және мезденгейлерде көлік жүйелерінің қызметін модельдеу кезінде case технологияларын, технологиялық тәсілдер мен әдістерді қолдана отырып, реинжинринг тұрғысынан логистиканың негізгі және қосалқы кіші жүйелерін модельдеу қағидаларын игеру.

КУРСТЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

Пәннің мазмұны. Көліктік логистика: зерттеулер және модельдеудің технологиялық тәсілінің принциптері, заманауи CASE технологиялары, логистикалық функциялардың ақпараттық модельдерін құру, көлік логистикасының процедуралары мен операциялары, бизнес-процестің призмасы арқылы көлік қызметін қаржыландырудың тиімділігі мен сенімділігін бағалау, сондай-ақ бизнес-процестердің жиынтығына баға беру. Бизнес - үдерістердің стандарттары.

КУРСТЫ АЯҚТАУ БОЙЫНША ҚАЛЫПТАСТЫРЫЛАТЫН БІЛІМ, БІЛІКТІЛІК, ДАҒДЫ

Пәнді оқу нәтижесінде докторант:

білуі керек:

- нысананың әрекетін үрдіске жіктеу тәсілінің теориясы, тәсілдері мен әдістері;
- заманауи CASE технологиялары;
- нысана қызметінің бизнес процестерге декомпозициясы тұрғысынан көлік жүйесінің макро және мезденгейлердегі тасымалдау процесін талдау негіздері, олардың көрсеткіштерін есептеу, көлік ұйымы қызметінің шығындары мен нәтижелерін және сенімділігін бағалау.

Білуі керек:

- көлік ұйымы қызметінің процесстік декомпозициясын ғылыми негіздеу;
- көліктік логистиканың міндеттерін жіктеу және бизнес-процестердің құрамы мен мазмұнын таңдауды ғылыми негіздеу;

Әзірлеген:	Қаралды: Институттың ОК отырысында	Бекітілді: ҚазҰТУ ОӘК	25 бет35беттің
------------	------------------------------------	-----------------------	----------------

-бизнес - үдерістер жиынтығы ретінде олардың көрсеткіштерін, көлік ұйымы қызметінің шығындары мен нәтижелерін бағалауды есептеу;
- процесті модельдеу үшін заманауи CASE технологияларын қолдану;
- зерттелетін нысана қызметінің бизнес-үдерістерін реинжинирингтің әртүрлі нұсқаларын негізді қолдану, нәтижелері бойынша талдамалық материалдар дайындау.

Меңгеруі керек:

- технологиялық тәсіл негізінде қолданбалы зерттеулер жүргізу және микро, макро, мезо деңгейдегі көліктік жүйелердің қызметін реинжинирингтеу үшін бизнес-процестерді басқаруда теориялық білімдер, практикалық дағдылар мен аспаптық құралдарға сүйену;

- ысананың қызметін зерттеу үшін процестік тәсілді жүргізуге арналған аспаптық құралдарды қолдану (атап айтқанда, Process Modeler R7 ортасында);

-бизнес-процесс модельдерінің IDEF0, IDEF3, DFD диаграммаларын құрастыру;

- CASE технологиялар көмегімен автоматты түрде зерттеу нәтижелерін генерациялау (отчеттар, шығынды бағалау);

- технологиялық тәсіл негізінде көліктік логистика мәселелерін шешу үшін пәнаралық ұжымды басқару дағдыларын.

Әзірлеген:	Қаралды: Институттың ОК отырысында	Бекітілді: ҚазҰТУ ОӘК	26 бет35беттің
------------	------------------------------------	-----------------------	----------------

КӨЛІКТІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕР МЕН ПРОЦЕСТЕРДІ ЖОБАЛАУ
ӘДІСТЕМЕСІ

КОД – TRA304

Академиялық кредиттер –5 (2/0/1/2)

КУРСТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Курстың мақсаты-көлік процестері мен жүйелерін зерттеу, жобалау және модельдеу үшін білім мен дағдыларды қалыптастыру.

Курсты оқу міндеттері::

- көлік процестерін жобалаудың әдіснамалық негіздерін меңгеру;
- жүк тасымалдаудың логистикалық желілерін, қойма жүйелерін, көліктік-логистикалық инфрақұрылым объектілерін, тасымалдау бағыттарын жобалау әдістерін игеру.

КУРСТЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

Пәннің мазмұны. Көлік процестері мен жүйелерін жобалаудың әдіснамалық негіздері. Жобалауды ақпараттық қамтамасыз ету. Көлік процестерін модельдеу. Жүктерді жеткізу желілерін, қойма жүйелерін, көлік қуаттарын, көлік-технологиялық маршруттарды жобалау әдістемесі мен әдістері; күрделі көлік-логистикалық жүйелерде және жеткізу тізбектерінде ресурстар (тауарлар, материалдар, ақпарат және т.б.) ағынын жоспарлау, орындау және бақылау; түпкілікті тұтынушы үшін көлік қызметтерін өндіру кезінде қосылған құнды басқару проблемалары; көлік жүйелеріндегі логистикалық үйлестіру проблемалары. Жүк тасымалының қалалық/аймақтық автокөлік бағыттарын жобалау.

**КУРСТЫ АЯҚТАУ БОЙЫНША ҚАЛЫПТАСТЫРЫЛАТЫН БІЛІМ,
БІЛІКТІЛІК, ДАҒДЫ**

Пәнді оқу нәтижесінде докторант:

білуі керек:

- логистикалық жүйелерді жобалау және оларды дамыту әдістері мен әдіснамасы;

- көлік жүйелері мен көлік ағындарын жобалау әдістері мен құралдары;

біліктілігі болуы керек:

- көліктік-логистикалық желілерді, тасымалдау маршруттарын, логистикалық инфрақұрылым объектілерін жобалау;

- көлік жүйелерінің параметрлерін анықтау;

- көлік жүйелерінің инфрақұрылымдық жобаларының тиімділігін негіздеу;
- дағдылары болуы керек:*

- ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде көлік жүйелерін жобалау үшін теориялық білім және практикалық дағдылар;

- көлік-логистикалық жүйелердің балама жобаларын бағалау әдістері;

Әзірлеген:	Қаралды: Институттың ОК отырысында	Бекітілді: ҚазҰТУ ОӘК	27 бет35беттің
------------	------------------------------------	-----------------------	----------------

- көлік жүйелері мен процестерін жобалау әдісін таңдауды дәлелді түрде негіздеу;

Әзірлеген:	Қаралды: Институттың ОК отырысында	Бекітілді: ҚазҰТУ ОӘК	28 бет35беттің
------------	------------------------------------	-----------------------	----------------

ДОКТОРЛЫҚ ДИССЕРТАЦИЯ ҚОРҒАУ

КОД – ЕСА303
КРЕДИТТЕР САНЫ –12

Докторлық диссертацияны орындаудың мақсаты докторанттың ғылыми-теориялық және зерттеу-талдау деңгейін, қалыптасқан кәсіби және басқарушылық құзыреттерін, кәсіби міндеттерді өз бетінше орындауға дайындығын және оның дайындығының кәсіби стандарт пен докторантураның білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкестігін бағалау болып табылады.

ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

Докторлық диссертация-жиынтығын жаңа ғылыми жетістік ретінде жіктеуге болатын теориялық ережелер әзірленген немесе ғылыми проблема шешілген не енгізілуі ел экономикасының дамуына елеулі үлес қосатын ғылыми негізделген техникалық, экономикалық немесе технологиялық шешімдер баяндалған дербес зерттеу болып табылатын докторанттың ғылыми жұмысы. Докторлық диссертация-докторанттың бүкіл оқу кезеңі ішінде жүргізілген докторанттың ғылыми-зерттеу /эксперименттік-зерттеу жұмысының қорытындысы.

Докторлық диссертацияны қорғау PhD даярлаудың соңғы кезеңі болып табылады. Докторлық диссертация келесі талаптарға сай болуы тиіс:

- диссертация тақырыбы ғылымды дамытудың басым бағыттарымен және/немесе мемлекеттік бағдарламалармен не іргелі немесе қолданбалы зерттеулер бағдарламаларымен байланысты болуы тиіс.
- диссертацияның мазмұны, қойылған мақсаттар мен міндеттер, алынған ғылыми нәтижелер диссертация тақырыбына қатаң сәйкес келуі керек.
- диссертация дербестік, ішкі бірлік, ғылыми жаңалық, сенімділік және практикалық құндылық қағидаттарын сақтай отырып орындалады.

Әзірлеген:	Қаралды: Институттың ОК отырысында	Бекітілді: ҚазҰТУ ОӘК	29 бет35беттің
------------	------------------------------------	-----------------------	----------------

Мазмұны

1 Бағдарламаның көлемі мен мазмұны	3
2 Оқуға түсуге қойылатын талаптар	5
3 Курсты аяқтау және диплом алу үшін талаптар	5
4 Білім беру бағдарламасының оқу жоспары	8
5 Білімі, іскерлігі, дағдысы және құзыреттерінің деңгейі мен көлемінің дескрипторлары	9
6 Оқу аяқталуы бойынша құзыреттіліктер	9
7 ECTS стандарттарына сәйкес дипломдық қосымшасы	13